

Бекітемін
« Ақмола облысы білім
басқармасының Зеренді ауданы
бойынша білім бөлімі Жолдыбай
ауылының негізгі орта мектебі» КММ
директоры А.Б.Бекишов
«28.08» 2024 жыл

Тексерілді
Директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары С.З.Қыдырбеков
«28.08» 2024 жыл

Карастырылды
БӘБ жетекшісі А.С.Искакова
Хаттама №
«28.08» 2024 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары
мектепалды сынып**

МУҒАЛІМ: Ескендинова Жадыра Ибраевна

ОБЛЫС, ҚАЛА, АУДАНЫ, АУЫЛ: Зеренді ауданы, Жолдыбай ауылы

МЕКТЕП, ГИМНАЗИЯ, ЛИЦЕЙ: «Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспар

Мектепалды сыныбы

жас ерекшелігі: **5 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: **қыркүйек айы 2024 жыл**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету.Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру ,әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу; -мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту;баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету. Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру ,әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу
Көркем әдебиет	Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету.Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен таныстыру.Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.
Сауат ашу негіздері	Сөз және дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту.Сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру. Геометриялық фигуралардың

	суреттерінің сыртын шетке шығармай бояу. Жеміс -жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру. Тігінен , көлденең , қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру, Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, , нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.
Математика негіздері	Қағаз бетінде бағдарлауға (жоғарыда, төменде, оң жағында, сол жағында) қалыптастыру. «біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. -«біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру; Жиынды сапасы бойынша өртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. 1ден 10 ға дейінгі сандарымен танысу, -заттарды санай алуға, сандардың айтылу реттілігін үйрету, -заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйреті сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7 сандарының пайда болуымен, 0 ден 7 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттар, олардың белгілерін нақтылау. Арнайы көлік құралдарының түрлерін және қолданылуын білу. Өртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға баулу. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткеліне арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы, жыл мезгілдерін ажырату және атау білімдерін кеңейту. Судың қасиеттерін таныстыру; Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер, жеміс жидектер,) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау,

Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.
Сурет салу	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу. Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ыдыстарды мүсіндеу оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуді ынталандыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды жетілдіру (басы, ортасы, соңы). Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс сөнеріне баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. -Не? Нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -игерген сөздерін қолданып, шағын мәтіндер құруға дағдыландыру.
Музыка	Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Өн айту. Өн айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.

	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүру; Ұлттық аспаптармен таныстыру,аспаптардың әуенің ажырата білуге үйрету.
Дене шынықтыру	Кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту; -спортқа деген қызығушылықтарын дамыту. ептілік,шыдамдылық,төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу Күтілетін нәтиже:денсаулықты күту,спортпен шұғылдану. бала ағзасын төзімді,мықты болуға шынықтыру,омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу. Салауатты өмір салтын ұстауға сақтауға баулу. Кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту,қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту. :ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарыын арттыру,коммуникативтік күзінеттіліктерін дамыту. Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну,ұйымдасқандық,мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру. ептілік,өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту;спортқа деген ынталарын, салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу. экологиялық мәдениетке, ұйымшылдыққа,психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу. денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз (г-ғ) дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы). Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету, дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту; Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару
Көркем әдебиет	Ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету; ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту; адал дос болуға тәрбиелеу. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету; сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.
Сауат ашу негіздері	Қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды бір-бірінен ажырату, қайталату арқылы естерінде сақтату; Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерге дыбыстық талдау жасату: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
Математика негіздері	Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Ұзындық Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату; Геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, сопақша, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету; Геометриялық фигуралар дөңгелек, сопақша, денелерді дұрыс атау. Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа түсініктерін жетілдіру Әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему

	ретімен қоя білуге үйрету
Қоршаған ортамен таныстыру	Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтылуын түсіну, Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, карттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеге баулу. Жол белгілерін (тротуар, велосипедке арналған жол) білу. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін сақтау. күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету; -балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру; . «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; Жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату Жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау,
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.
Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. . Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу.Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру. өз жұмысының нәтижелерін бағалау.
Мүсіндеу	геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; қолдың ұсақ моторикасын,ойлау қабілеттерін дамыту; Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді,

	қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету; -жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту. артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. Отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде ынталандыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.
Музыка	Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. Қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау. Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге үйрету жаттығулармен ойындарды білу. Күйші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.
Дене шынықтыру	Денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру. Допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары. кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау. Бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру. Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Доппен жасалатын тепе – теңдік сақтау және секіру жаттығулары. гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің арасымен

	допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету. Заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету. -допты алып жүру (қашықтық 5 м) жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру. -гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу. Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету. балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату.
--	---

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз, ж-ш, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (ортасы,). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау
Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту. Өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету; ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету; Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету;
Сауат ашу негіздері	дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру; -тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру; Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру;
Математика негіздері	«Жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету. жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, Шама. заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету жоғарыдан төменге, алға, артқа Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау; -таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең; Апта, айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру. ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту;
Қоршаған ортамен таныстыру	Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы туралы түсінік беру. Жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту . Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру жануарлардың (андардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.
Құрастыру	Табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету; -табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; -ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу,

	шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту; - ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.
Сурет салу	Балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту;
Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту;
Жапсыру	Қайшыны, желімді, қағазды қолдануды бекіту, қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу;
Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру
Музыка	Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; қазақ халқының музыкасын қабылдау. музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру
Дене шынықтыру	Заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру. Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру. Кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру. Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру. еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары. Балаларға ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіруге жаттықтыру. Алақанды соққан соң қағып алған допты екі қолмен жоғары лақтыра алуға тәрбиелеу. Ағаш қадалар арағынан еңбектеп өту жаттығуларын дұрыс орындай алуға жаттықтыру. Қардан тұрғызылған құрылыстар арасынан қатармен жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру. Затқа дейін екі аяқтап секіру, қар кесегін нысанаға дәл лақтыра алуға тәрбиелеу. сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру; -қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. Шаңғымен жүру кезінде ырғақтылықты дамыту. Екі аяқпен жасалатын жаттығулар. Жүгіру және қар кесегін нысанаға лақтыру ойын – жаттығулары жасай алуға тәрбиелеу. Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру. -доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау; -түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Айналып тұрған арқанның астымен түрлі тәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру; -айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіп кету сапасын дамыту.

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету; «Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету; -балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту; «Л» – «Р» дыбыстарын үйрету; -хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу. Әңгімені тыңдап, сұраққа жауап беруге үйрету; «Ж» – «Ш» дыбыстарын таныстыру. Қыс белгілері жайлы әңгімелесу; Дыбыстық талдау жасауды үйрету . Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету. Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру. Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру; Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту;
Көркем әдебиет	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету; кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.
Сауат ашу негіздері	-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру; -берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту; Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту; -тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау; -дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру; -берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру; -дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту; -дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру; -берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту; Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту; Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету; -дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру
Математика негіздері	«Жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру; Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру. «+», «-» таңбасымен таныстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру; сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атау қабілеттерін бекіту. артық, кем, тең белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бізмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту;

Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру; -құрбы-құрдастарымен және ересектермен еркін араласу үдерісі арқылы олардың танымдықзерттеушілік қызметпен айналысуына жағдай жасау; Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету; Қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет қалыптастыру. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру; Құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту; -қарапайым ғылыми түсініктерін дамыту; заттарды салыстырғанда талдау қабілеттерін дамыту; -тірі нысандарға адамгершілік қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.
Құрастыру	Сым темірден ою-өрнек құрастыра білуді үйрету; - көрнекіліктерді қолдану және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы жұмыс жасай білуді дамыту; -киіз үй құрастыруда оның негізгі бөліктерін ажырата алу және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету;Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.
Сурет салу	Балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу. -балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру;Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.
Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру,
Қазақ тілі	Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білудегі дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету; Сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету; Екі-үш сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын

	дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Тақпақ жаттау үйрету;
музыка	Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату; -мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту; -әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;
Дене шынықтыру	Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, онықайтадан қағып алуға үйрету; -гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету. Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту. Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау. -гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіруге (30 см) үйрету. Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту. Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту. Балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру. Шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. гимнастикалық орындық үстінде бір бүйірмен жүруді; бір бүйірмен аяқты аяққа тигізіп жүруді, гимнастикалық қабырғада өрмелеуді үйрету. балаларды тоқтамай жүгіруге, коньки, шаңғы тебушінің қимылын келтіріп, кең адымдап сырғанап жүруге жаттықтыру. Допты алып жүру (қашықтық 5 м) жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру Еңкіш тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге, заттардың үстімен екі аяқтап секіруге, секіртпемен еркін секіруге үйрету.

Жоспардың құрылу кезеңі : қаңтар айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөздерді буынға бөлуді үйрету; Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту; Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.; Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; Ана туралы өз ойларын айтқызу. Ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту. Ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сюжетті суреттерді сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолданады;
Көркем әдебиет	Әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу; Әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету; Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру; Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту; Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.
Сауат ашу негіздері	Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету; Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету; Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршау, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту; Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру; Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту; Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру;
Математика негіздері	Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету. Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту; затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру.

Қоршаған ортамен таныстыру	Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау; үй жануарлары мен жабай аңдардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету; Тірі нысанды суреттеу қабілеттерін дамыту үй құстарының атауларын білу және оларды бірбірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту; Тәжірибелік жұмыстарға қызығушылықтарын, бақылау нәтижелерін талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту; Табиғатқа қайырымды болуға, эмоционалдық, эстетикалық және этикалық сезімдерін қалыптастыру. Балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту; -олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау; -өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту; -танымдық қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру.
Құрастыру	Құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету; -бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру, олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту; -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.
Сурет салу	Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, жеткізе білуін жетілдіру. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау
Мүсіндеу	Ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру; -ойын арқылы балалардың қимыл- қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту; -балаларды ауызбірлікке, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.
Жапсыру	Бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; -шығармашылық қасиеттерін дамыту; -қол қимылдарын жаттықтыру; -өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру; жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту. Тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тақпақты жаттау жолдарын үйретіп, жатқа

	айта білу дағдыларын жетілдіру; Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру.
Музыка	Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, Қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату; Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау; Би элементтері арқылы балаларға эстетикалық тәрбие беру. Лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау; -анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу.
Дене тәрбиесі	Шаңғы жолымен сырғу арқылы жүру жаттығуларын жасауға дағдыландыру. Таудан түсу және оған көтерілу үлгісі бойынша жаттығулар жасату.. Шайбаны бір – біріне лақтыру және мұз жолымен сырғу жаттығулары. Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру. Бір орында тұрып ұзындыққа (60 см) секіру жаттығуларын жасату.Үлкен адыммен «алақан» бейнеленген суреттерді басып еңбектеуге, «аяқтың ізі» ұзындыққа секіруді үйрету. Балаларға дене қимыл жаттығулары арқылы жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. Жүгіру және секіру ойын – жаттығуларын дамыту. Балаларға қапшықты иық тұсынан лақтыру жаттығуларымен таныстыру.Бір қатарға қойылған ағаштардың арасымен аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру. Жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. Қолды төбеге қойып гимнастикалық орындық үстінен жүруді, жоғары ілулі тұрған шарға, затқа секіріп қол жеткізуді, биіктікте жүруді үйрету.

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) ақпан айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Көркем шығармаларды сахналауға үйрету. Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту; Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; Балалардың ойлау қабілетін дамыту; Салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету; Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту; Балаларды ұқыптылыққа, батылдылыққа тәрбиелеу.
Көркем әдебиет	Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу; -ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қолдануға үйрету. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.
Сауат ашу негіздері	Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету; Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту; Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету; Сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, Берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту; Басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту; Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру; дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру; -дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту; -мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру; Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату. суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру; қайырымдылық, қамқорлық сөздерінің мағынасын түсіндіру арқылы ақыл-ойларын дамыту; Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру; Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру;
Математика негіздері	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау; Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды

	және бояуды үйрету; Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.
Қоршаған әлеммен танысу	Балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту; -тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету. Пайдалы қазбалар көмір,кұм,саз туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру - жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру; -олардың аттарын атап, бір-бірінен ажырата білу қабілетін дамыту; -қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарай білуге тәрбиелеу. Орманда кездесетін ағаш түрлері мен жануарлар туралы түсінік беру. -қылқанжапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсінік қалыптастыру; -табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.
Құрастыру	Тіктөртбұрышты пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып қораптарды жасай білуге үйрету; -қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ой-қиялын дамыту; -қалдық заттардан жасалған ойыншықтарды өздігінен безендіру және шығармашылықпен еңбек ету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.
Сурет салу	Балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету. -балалардың қысқы табиғат құбылыстары туралы білімдерін нығайту; -табиғат құбылыстарын бейнелей білу, балаларға табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттілігін түсіндіру;
Мүсіндеу	Балаларға ғарыш кемесін мүсіндеуге үйрету. ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру; таныс әдіс-тәсілдерді жалпақтау, шымшу, домалақтау, қолдану, жалғастыру; балалардың ой-қиялын, эстетикалық тәрбиесін дамыту;
Жапсыру	Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау; -ұқыпты жапсыруға үйрету; -саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу; -сенсорикалық тәрбиені дамыту; -достарына көмектесе білуге тәрбиелеу. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру; Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; Тақпақты тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту.; -ойлау қабілеттерін, артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды(і дыбысы) дұрыс айтуға

	жаттықтыру.
Музыка	Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау; Жалғыз немесе топпен ән айту, ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерін байланыстыру; -сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып әндерді айту. Балаларға арналған аспапта ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру; -ойын арқылы балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу; -ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру;
Дене тәрбиесі	Шапшаңдықпен жүруге, секіруге заттарға денесін тигізбей еңбектеуге жаттықтыру. Жүгіріп келіп биіктікке секіруді үйрету. Еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруге, көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп келіп, келесі тақтайға ауысуға жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде қолды жоғары көтеріп, шайбаны хоккей таяғымен кішкентай қақпадан өткізуді үйрету. Қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен үздіксіз жүруді. Доппен жасалатын жаттығуларды үйрету. Арқанмен жасалатын дене қимылдарын жасай білуге дағдыландыру. Белгілі бір белгіге көтерілген арқанның астынан өте білуге үйрету. Балаларды қашықтыққа жүріспен кезектестіре отырып жүгіру жаттығуларымен таныстыру. Сақинаны нысанаға дәл тигізіп лақтыруды; орындық, доға астынан еңбектеп өтуді; гимнастикалық орындықта отырып, башпайларды бүгіп-жазып, жаттығу орындауды үйрету.

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы 2025жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру; -балалардың сөздік қорын дамыту; -балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету; -ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету; -ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. -«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету; -әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту. -балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.
Көркем әдебиет	Көктемнің алғашқы күндерінде болатын табиғат көріністері -көктемнің алғашқы күндерінде болатын аналар мерекесіне орай жыр шумақтарын айта білуге үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен таныстыру. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту. Сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету; -әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту; -ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту
Сауат ашу негіздері	Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту; -буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту; төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру; -сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту; -салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. -сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту; -буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту; -ұйымшыл болуға тәрбиелеу. Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту; -графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді,

	есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту; -дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. быстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру; -сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру Дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру; Сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру; -дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру; -үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы эстетикалық талғамдарын және бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. Сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру; -дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. -штрихтау, үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы шыдамдылыққа тәрбиелеу. Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру; -ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; -ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Математика негіздері	Түпкілікті жиын мен оның бөліктері арасындағы қатынастарды анықтау білігін дамыту: бүтін өзінің бөлшегінен үлкен; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бізмәнді сәйкестікті анықтау; балаларды«=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.
Қоршаған әлеммен танысу	Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; -танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту; -өзімен қатар құрбыларымен достық қарымқатынаста болуға, бірлесіп атқарған жұмысты оң қабылдауға тәрбиелеу. Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; -табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік қалыптастыру, табиғатпен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру; -төңірегіндегі адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. Балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту; -ізденімпаздық-танымдық қызметке деген құштарлығын күшейту; -бірлесіп зерттеулер жүргізуге деген қызығушылығын ояту Бала, оның отбасы, үйі Өзінің жеті атасын білу
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін

	(тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.
Сурет салу	Қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту; -балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; -балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.
Мүсіндеу	Торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен таңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру; -ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылы мүсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру; -ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту, өнерді сүйуге тәрбиелеу. -ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру.
Жапсыру	Сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; -саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; -ою атауларын еске түсіру; ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу Қайшыны қолдануды бекіту. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	Ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру; -сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым Сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. менгерген сөздерін ауызекі тілде қолдана білуге жаттықтыру; -ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. -көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. - сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру, «Ө» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту. Жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру; - «Ұ» дыбысын дұрыс айтып, ажыратуға жаттықтыруды жалғастыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дамыту. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. зейін қойып тыңдауға, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -кейіпкер бейнесін көрсетуге ынталандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс

	айтуға жаттықтыру.
Музыка	Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру; -қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату; -Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру; -музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау; -отбасы мүшелеріне деген сыйластықты дамыту. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту; -динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу; -музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру,жалғыз немесе топпен ән айту; -балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру.
Дене тәрбиесі	Денені түзу ұстап, тізені жоғары көтере еркін жүруге, жүгіруге, тізе мен санды жоғары көтеріп, ырғақпен жүруге; зал ішінде бір-біріне доп лақтырып жүгіруге жаттықтыру. Қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен еңбектеуді, гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету. Жүру мен жүгіруді алмастыра отырып,эстафеталық жарыс ұйымдастыру. Балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру. Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу. Гимнастикалық орындық үстінен аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуларын дұрыс жасай алуға тәрбиелеу.Оң және сол қолымен нысанаға дәл лақтыруға жаттықтыру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жер бауырлап еңбектеуге, жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. Гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Доппен жасалатын қимылдарды дұрыс жасай білуге жаттықтыру.Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Жаттығу денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру.

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау; -әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету; -үлкендерді сыйлауға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру; -сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру; -достықты бағалай білуге тәрбиелеу. санамақтар, тақпақтарды жатқа айтады; жұмбақтардың жауабын табады;
Көркем әдебиет	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету; -балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым- қатынасын дамыту. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру.
Сауат ашу негіздері	Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру; -буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және де дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру; -сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту; -ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. -сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру; Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту. -достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу.
Математика негіздері	Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету; -зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; -графикалық диктантты орындауға үйрету; -кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту Қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; «жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада» терминдерін пайдалануға жаттықтыру; Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді

	дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Қоршаған әлеммен танысу	Балалардың бойында түрлі өсімдіктердің өсетін жері (далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.), аймақтың ерекшелігіне қарай өсетін: жантақ, сексеуіл, бетеге, құм акациясы, ебелек (қаңбақ), жүзгін сынды өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру; -тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін күшейту; -туған өлкені сүйе білуге тәрбиелеу. Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту; -зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту.
Құрастыру	Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу.
Сурет салу	Балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту; -көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру.
Мүсіндеу	Ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру; -балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту; -Отанын, елін, жерін сүйуге, адалдыққа, батылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту, Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдерді пайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту. Қандай? сұрағына жауап беруге үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін

	жетілдіру. Сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Жаңылтпашты шапшаң және сөздерін анық айтуға үйрету; -сөздерді саналы түрде есте сақтап, күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -жаңылтпашты қайталау, дұрыс айтуға дамыту. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру.
Музыка	музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, жалғыз немесе топпен ән айту; -балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру.
Дене тәрбиесі	Еңкіш тақтай үстімен жүру. Ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіру (қашықтық 4 м) жаттығуларын орындату. Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіру, 1 минутқа дейін үздіксіз жүгіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. Ойындағы қауіпсіздік ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу. Шығыршық арқылы жұптасып өтуді, еденге қатарынан төселген бірнеше тақтайшалар үстінен секіруді; еденге қолды тигізбей доға астынан тура, бір бүйірмен өтуді үйрету; Ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу. допты қабырғаға соғып, қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды; түзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді; айналып тұрған секіртпе астынан жүгіріп өтуді үйрету.

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру. өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.
Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу. жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу
Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну
Математика негіздері	Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-

	10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.
Қоршаған әлеммен танысу	қоғамға пайдасын тигізуге баулу. балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. Ойыншықтарға ұқыпты қарау. Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу. «Жаяу жүргіншілер жолы», жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Адам өмірі үшін , күн, ай сәулесінің, маңызын түсіну. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.
Сурет салу	Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту. Қазақ ою-өрнектерін «жұлдызгүл», «құсқанаты», «құстұмсық», түрлерін пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.
Жапсыру	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.

Қазақ тілі	
Музыка	
Дене тәрбиесі	